

## «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі

### Қамқоршылық кеңес отырысы

#### Хаттама № 1

Өткізілген уақыты: 04.09. 2023 жыл

Отырыстың басталуы: 18.00 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 18.50 сағ.

Қатысқаны: қамқоршылық кеңестің мүшелері -9

#### Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен, міндеттерімен танысу.
2. Кеңес мүшелерін сайлау.
3. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы).
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
5. Қарағанды облысы білім басқармасының «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бес күндік жұмыс аптасы туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрайымы Кунарбекова Мая Майдановна. сөз алып, қамқоршылық кеңесі мүшелерінің міндеттерімен, құжаттары және кеңес ережесімен таныстырып өтті.

#### ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1 Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
- 3.2 Жалпы білім беру ұйымының материалдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көркейту.

3.3 Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

3.4 Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым –қатынасы үшін жағдай жасау.

3.5 Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.

3.6 ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.

3.7 Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.

3.8 Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

#### ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1 Қамқоршылық кеңесі жылына 4 мәртеден кем емес отырыс өткізеді.

5.2 Қаралған сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесі шешім қабылдап, білім беру мекемесінің әкімшілігі мен Педагогикалық кеңес мәліметіне жеткізеді.

5.3 Қамқоршылық кеңесінің білім беру мекемесі материалдық-техникалық базасын дамыту үшін берген қаражат қаржыларын білім беру мекемесінің пайдалануы туралы жарты жылда бір рет директор есеп береді.

5.4 Білім беру мекемесін дамыту мүддесі үшін бюджеттен тыс қаржыны мақсатты және тиімді пайдалануы үшін жауапты.

5.5 Білім беру мекемесінің бюджеттен тыс қаржысының шығысын бақылайды.

5.6 Қамқоршылық кеңесінің барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

5.7 Қамқоршылық кеңесі октын-октын мектеп ата-аналар комитеті алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшелері өз еріктерімен және бір ауыздан сайланғаны туралы және биылғы жылға жұмыс жоспарын құрылғандығы туралы хабарлап өтті.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу ұйымның төрағасы, орынбасары және хатшысын өздері бекітті.

Төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құрылып, бекітуге ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы Кунарбекова Мая Майдановна мен кеңес мүшелерінің келісімімен «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бес күндік жұмыс аптасына көшірілсін.

### Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектепшілік, іс-шараларға қатысуын қадағалау
2. Мектептегі жұмыстарға үнемі қол көмектерін беріп отыруды қадағалап отыру.
3. Жылдық жоспарды бекіту.
4. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Кунарбекова Мая Майдановна мен кеңес мүшелерінің келісімімен «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бес күндік жұмыс аптасына көшірілсін.

Кеңес төрайымы



Кунарбекова М.М.

Хатшы

Ксан А.С.

Мүшелері:

Жакупова Бакыт Майдановна



Кусайынова Бибігүл Алпысбаевна



Тусупбеков Серикбол Джаханович



Садькова Гулниет Багдатовна



Шакирова Диана Буркитовна



Касенова Карина Кайратовна



Жуматова Рауаш Алтаевна



Искакова Толкын Нурақымовна

